



British Embassy
Astana



ДЕПУТАТТАРДЫҢ САЙЛАУ АЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖАЙЛЫ МОНИТОРИНГ ЕСЕБІ

*Есепті Астанадағы Ұлыбритания елшілігінің қолдауымен «Эхо»
қоғамдық бірлестігі дайындаған.*

Алматы 2024 ж

КІРІСПЕ

Депутаттардың сайлау алды бағдарламалары сайлау науқаны кезіндегі сайлаушылармен жұмыс істеудің негізгі дәстүрлі құрамдас бөлігі болып саналады. Себебі 2007 жылмен 2023 жылдары аралығында ҚР Мәжіліс Парламентінде сайлаулар пропорциональды жүйе бойынша өткізілді, бұл жүйе бойынша депутаттардың сайлау алды бағдарламаларының маңызы болған жоқ. Депутаттардың сайлау алды бағдарламаларының орнына саяси партиялардың бағдарламалары алға шығарылды, науқан кезінде үгіт жүргізген саяси партия сол кездегі өзі актуалды санаған мәселелерді партия атынан насихаттады.

2022 жылы ҚР Конституциясына және сайлау туралы заңдарға бір қатар қосымша өзгерістер енгізілгеннен кейін біздің азаматтарымыз өзінің пассивтік сайлау құқы арқылы атап айтқанда өзін-өзі ұсыну, бір мандаттық сайлау оқуруттары қайтадан пайда болған соң сайлау алды бағдарламалардың маңызы артты. Сөз жоқ, аралас сайлау жүйесі арқылы саяси партиялармен бір мандатты оқуруттық сайлау жүйесінің енгізілуі бұл сайлау кезінде олардың арасындағы бәсекелестікті нақты түрде қыздырды. Үгіт науқаны барысында азаматтар бір мандаттық оқурут бойынша сайлауға түскен үміткерлердің бағдарламаларымен танысуына мүмкіндік алды, бұл бағдаламаларда үміткерлер өздері Мәжіліске депутат болып сайланған кезде, атқаратын қызметтерін жұрт алдында паш етті.

Үміткерлердің сайлау алды бағдарламалары тек үгіт насихатпен шектелмейді, міндеттері де баршылық. ҚР-ың Конституциялық «Сайлау туралы заңы бойынша (113-12 баптар)-сайлаушылардың сенімнен айырлу, соның ішінде сайлау алды бағдарламаларын орындамау. Бұл бап бойынша бір мандаттық территориялық оқурут бойынша сайлаушылар депутатты кері шақырып алуына болады. Әрине, бұл бап бойынша депутатты кері шақырып алу оңай емес, дегенмен депутаттың осындай жауапкершілікті арқалауының өзі депутатқа сайлау алдында, сайлаушыларға берген уәделерін орындауды міндеттейді.

Жергілікті азаматтық қауымдастықтар және ұйымдар мониторингілеуді құрал етіп пайдалана отырып депутаттың қызметін бағалайды, сайлау алдында берген уәделерін бақылайды, депутаттың өз бағдарламасындағы қандай уәдесін орындады, қайсысын орындамады. Бұл мағынада сөз жоқ мониторинг оңтайлы құрал, депутаттың қызметін жан жақты бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Депутат мажоритарлық оқурут бойынша сайланғандықтан оның осы оқуруттағы сайлаушылары депутаттың берген уәделерін біледі. Сол себептен де өзінің талап тілектерінің орындалу барысын қадағалай алады. Депутаттардың сайлау алды бағдарламаларын мониторингілеу-олардың сайлаушылап алдындағы депутаттық қызметінің жариялылығын және есеп беріп тұру жұмыстарын бақылауға мүмкіндігі туады.

Мажоритарлық оқуруттер бойынша сайланған депутаттардың сайлау алды бағдарламаларын орындалуын мониторингілеу маңызды бастама

болып табылады, яғни саяси мәдениетті өркендетуге жол ашады, депутаттардың есеп беру мәдениетін арттырады. демократиялық ашық инклюзивтік процесті үдетеді.

I. МЕТОДОЛОГИЯ немесе ӘДІСКЕРЛІК АМАЛ

Аталмыш жоба «Депутаттардың сайлау алды бағдарламаларының мониторингілеу» «Эхо» қоғамдық бірлестігі 2023 жылдың қыркүйегі мен 2024 жылдың ақпан аралығында зерттеу жүргізді.

Жобаның мақсаты-азаматтық белсенділерді мониторингілеу процесіне кең түрде ат салыстырып Мәжіліс депутаттарының сайлау алды берген уәделерін орындауға, олардың сайлаушылар алдында есеп беру жауапкершілігін арттыру, демократиялық ашық инклюзивтік процесін қатысуын үдету.

Жоба шеңберінде бір мандаттық мажоритарлық округтар бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының сайлау алды бағдарламаларының орындалуы бақылауға алынады. Бұл жұмысқа Қазақстанның 12 аймағынан 12 белсенді қатысты.

Белсенділер бір мандаттық округ бойынша депутаттардың сайлау алды бағдарламаларын орындау барысын зерттеді. Бұл үшін ашық дереккөздерінен және депутаттық сауалнамалар арқылы мәліметтер пайдаланды. Бұл жұмыста негізгі дереккөз ҚР Мәжіліс парламентінің сайты болып табылады. Қосымша дереккөздерге депутаттардың жеке аккаунты, әлеуметтік желілер көзі, БАҚ -да жарияланған материалдардан алынды. Сондай-ақ депутаттардың өздеріне жіберілген сұрақтарға берген жауаптары пайдаланылды.

Осы мониторингіні атқару барысында алдын ала дайындалған бағалау кестесі дайындалған болатын. Бұл кестені толтырған белсенділер бір мандаттық депутаттардың профайлын жасады, оған депутаттардың сайлау алды бағдарламасын кіргізді, Мәжілістің жұмысшы топ комитеттерінде атқарған жұмысын енгізді, сайлаушылармен кездесулерімен жіберген депутаттық сауалнамаларын енгізді. Сонымен қатар қоғамдық маңызы ерекше саналатын мәселелер - адам құқы, сөз және БАҚ бостандығы, отбасылық зорлық-зомбылық, бюджеттің жариялылығы, экология басты назарға алынды. Сайлау 2023 жылдың 19 наурызында өткізілгендіктен екінші шақырылымның бірінші (29 наурыз 2023 ж - 30 маусым 2023 ж) және екінші (1 қыркүйек - 29 желтоқсан 2023ж) сессиясында бұрынғы депутаттардың қызметтері жан жақты қаралған болатын.

Белсенділер 2023 жылдың 25 қазанынан 29 желтоқсанға дейін мониторинг жүргізді, содан соң нәтижелері жинақталық жалпы қорытынды жасалды.

Нәтижелер былай талданды: сандық нәтижелер-сауалнамалар, жауаптар, сайлаушылармен кездесулер саны; салалы көрсеткіштер - депутаттың жеке бағдарламасы, қоғамдық актуальды тақырыптар. Талдау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылды. Ұсыныстар жасалды.

II. БІР МАНДАТТЫҚ ОКУРУГТЕР БОЙЫНША САЙЛАНҒАН ДЕПУТАТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ

Сайлау алды бағдарламасы.

ҚР сайлау заңнамасына сәйкес сайлау науқаны алдында республика бойынша бір мандаттық 29 аймақтық сайлау округтері құрылды. Сайлау белгілі бір дәрежеде бәсекелестік жағдайда өтті. 29 округте 370 үміткер бәсекеге түсті. Орта есеппен 1 орынға 12 үміткер.

Дауыс беру 29 депутаттың 22-сі аманат партиясынан сайланды, 7 депутат қана тәуелсіз деп санауға болады, оның ішінде Астана мен Батыс Қазақстан облысынынан біреуден, Алматы облысынан-3, Алматы қаласынан-3.

Талдау барысында сайлау алды бағдарламасы жан жақты қаралды: мониторингі жүргізуші белсенділер депутаттың сайлау алды бағдарламасының қарапайым түсініктілігін және сапалылығын яғни бағдарлама депутаттың өз туыныдысы ма, әлде партияның бағдарламасын өзіне еншіліп алды ма, нақты сайлау алды уәделері бар ма деген сауалдарға ерекше мән берілді. Депутаттың сайлау алды бағдарламалары бір тұтас деп қабылданды, яғни округтардағы проблемаларға қоғамдық маңызды мәселелерге бөлінген жоқ.


Бағдарламаның қарапайым тілмен жазылуы

Депутаттың сайлау алды бағдарламасының қарапайымдылығы - яғни кез келген сайлаушы бұл бағдарламаны дереккөздерден оңай табу мүмкіндігі түсіріктілігі: әлеуметтік желіден және депутаттың жеке медиа көздерінен табылуы. Егер депутаттың бағдарламасын дереккөздерінен табу мүмкін болмаса, немесе сілтемелері жоқ болса, белсенділер депутаттың өзіне немесе Мәжіліс сайтына, электронды поштасына сауалнамалар жіберді.

Бір мандаттық округтан сайланған депутаттардың бағдарламаларының қол жетімділігі талдау нәтижесі мынаны көрсетті, сайлау алды бағдарламалардың тек 13-і ғана ашық әлеуметтік желелермен БАҚ сайттарынан табылды. Депутаттарға бағдарламаларын жіберуді сұрап сауалнамалар салған болатынбыз, сонан соң 9 депутат өз бағдарламаларын салып жіберді. 7 депутат жауап бермеді деуге болады. Өйткені олар Аманат партиясының бағдарламаларын пайдаланған. Бұл нені білдіреді, демек олардың өз бағдарламалары жоқ.

Диаграмма 1

Депутаттардың сайлау алды бағдарламаларының қол жетімділігі



Ашық деректен алынғаны-13

Сұрау салғаннан кейін-9


Қол жетпегені -7

Сайлау алды бағдарламалардың сапалылығы

Сайлау алды бағдарламалардың сапалылығына көз жіберсек, бір мандаттық округтан өздерін ұсынған 7 депутат өздері дайындаған бағдарламаларын ұсынып пайдаланған. Аманат партиясынан өздерін ұсынған депутаттардың бір бөлігі яғни 22 үміткердің 15-і өздері дайындаған бағдарламаларды ұсынған, әйтседе бұл депутаттар Аманат партиясының тезистері мен негізгі баптарын пайдаланыпты, бірақ бұл баптарда жергілікті сол аймақтың спецификалық ерекшеліктерімен проблемелары ескерілген, үгіт насихат жұмыстары кезінде сол бағыттағы проблемаларды шешеміз деп уәде берді. Аманат партиясының 5 депутаты сайлау науқанында өз партиясының бағдарламаларын пайдаланғандығын және өз бағдарламасының жоқ екенін айтқан, бір депутат берген жауабында өзінің жұмыс істемейтін сайтын көрсеткен, тағы 1 депутаттан біздің сауалнамаға жауап келген жоқ.

Диаграмма-2

Депутаттардың сайлау алды бағдарламалары



Өздері дайындаған бағдарлама-7

Өздері дайындаған +Аманат-15

Аманат-5

Мәліметтері жоқ-2

Тәуелсіз үміткерлердің сайлау алды бағдарламаларында жарық көрген негізгі тақырыптар көбінесе сол сайлау оқуругінің мәселелері болып табылады, мысалы, тәуелсіз депутат Касқарауовтың сайлау алды бағдарламасында (№ 12 Алматы обл сайлау оқуругі бойынша) сол сайлау оқуругінде орналасқан ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу жайлы лезинг әдісі арқылы қаржы келтіру, фермерлерді қолдау, суармалы шаруашылықты дамыту және тағы басқа нақты ұсыныстар қамтылған. Сонымен бірге бұл бағдарламада білім сапасын көтеру, спортпен мәдениетті дамыту, мәселелері нақты нысандармен көрсеткіштер арқылы көрсетілген. Тәуелсіз депутат Назаровтың (№ 11 Алматы облысының сайлау оқуругі бойынша) бағдарламасында сол сайлау оқуруг аймағында туризмді дамыту және де басқа нақты ұсыныстар берілген.

Аманат партиясынан бір мандаттық оқуруг бойынша түскен үміткерлер өз партиясының тезистерін пайдаланған, бірақ депутаттар бұл мәселелерді қалай шешетінін өз ойымен жеткізген. Кейбір депутаттар бұл сұраққа жауап берер кезде өз партиясының бағдарламасын пайдаланғандығын айтты. Аманат партиясының бағдарламасы негізінен алғанда 10 тезистен тұрады, бұл тезистерде Аманат партиясы Қазақстандағы ең үлкен басқарушы партия ретінде барлық мәселелердің жинақты комплексін ашып көрсететіп, осы парламенттік сайлау мерзімінде шешетінін айтады. Бұл 10 тезис келесі мақсаттардан тұрады:

1. Азаматтардың нақты табыстарын көтеру, жұмысшылардың еңбек орындағы жұмыс шарттарымен қауіпсіздігін жақсарту;
2. Әлеуметтік қамсыздандыруға кепіл болу, соның ішінде күнкөрісі төмен отбасылары мен мұқтаж жандарды қамқорға алу;
3. Сапалы білім беру және дәрігерлік қызмет етуді қамтамасыз ету;
4. Тұрғын үймен және инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету;
5. Өндірісті және логистиканы, сондай-ақ қолданбалы экономиканы ғылыми жолмен дамыту;
6. Ауылды қайта жандандыру, ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін көтеру;
7. Мәдениетті қолдау, тілді дамыту, азаматтық қоғамды нығайту;
8. Жастардың өсуіне жағдай жасау, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, тұрмыс тіршілігін жақсарту;
9. Экологияны сақтау;
10. Азаматтардың құқығын қорғау және жемқорлықпен күресу;

Аманат партиясының негізгі тезистері бір мандаттық оқуругтерде сайлау науқаны кезінде пайдаланылды? Мысалы, бір мандаттық оқуругтен сайланған депутат Әбілдің (№ 20 Қостанай облысы сайлау оқуругі бойынша)

бағдарламасы негізінен алғанда білім мәселесінің төңірегін қамтыған, депутат өзінің бағдарламасында сайлау оқуругінде мектеп салуға және оларды керек жарақтармен қамтамасыз етуге, колледждерді модернизациялауға, аймақтағы жоғарғы оқу орындарында жаңа мамандар дайындайтын профильдерді ашуға уәде береді. Депутат сонымен бірге сол аймақтағы білім саласының қызметкерлерінің жалақысын аймақтық деңгейге көтеруге уәде береді.

Осы мысалдың өзі депутаттың Аманат партиясының бағдарламасына сүйеніп, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, білім саласына басты назар аударады. Депутат қосымша тезист ретінде ұлтаралық келісімді (Мәдениетті қолдау, Аманат партиясы айтқан тілді дамыту, азаматтық қоғамды нығайту), ауылды дамыту (ауылды қайта жандандыру) әлеуметтік саясаттағы әділет мәселесі (әлеуметтік қамсыздандыруға кепіл болу) жергілікті басқарудың ролін арттыру, (азаматтардың құқын қорғау).

Қорыта айтқанда депутаттардың сайлау алды бағдарламалары Аманат партиясынан бастау алады, бірақ әр депутат жергілікті оқуруттардың ерекшеліктерін ескерген.

Тағы бір үлгі болатын мысал. Бір мандаттық депутат Н.Сабляновтың (№ 8 сайлау оқуругі Абай облысы бойынша) бағдарламасында ол өз оқуругіндегі ушығып тұрған мәселелерді көтереді, атап айтқанда жақында облыс орталығы болған Семей қаласындағы инфрақұрылымдар мәселесін және Семей сынақ аймағындағы проблемаларды қозғаған, депутаттың тезистері Аманат партиясының бағдарламасын түгелімен қайталайды. Семей сынақ аймағының мәселелері әлеуметтік инклюзивтік мәселеге дәлме-дәл келсе, Семей қаласының инфрақұрлымын дамыту, сапалы тұрғын үй, сондай-ақ ауылды қайта жандандыру Абай облысындағы мәселелеріне сәйкес келеді,

Аманат партиясының сайлау алды партиясы сөз жоқ өте кең және күрделі, сондықтан да бұл бағдарлама бір депутаттың ғана арқалайтын жүгі емес, Аманат партиясының барлық фракция мүшелеріне жетіп артылады.

Депутаттық сауалнама


Бұл мониторингінің приоритеттік мақсаттарының бірі - бір мандаттық оқуругтен сайланған депутаттар қаншалықты сайлау алдында берген уәделеріне берік болғанын анықтау. Осы мәселені зерттеу үшін, депутаттардың сауалнамаларына талдау жүргізген едік.

Айта кетуге тиіспіз, бір мандаттық оқуругтіктен сайланғандар Мәжілістің ең белсенді депутаттары болып саналады. Статистикалық деректер бойынша 2023 жылдың 29 наурызымен 29 желтоқсан аралығында бұл депутаттар бір мандаттық депутаттар 140 депутаттық сауалнама жолдаған. Атап айтқанда 7 тәуелсіз депутат 51 сауалнама жіберсе, бір мандаттық оқуругтен сайланған аманаттық 25 депутаты 87 ғана сауалнама жіберген. Аманаттың қалған 40 депутаты осы кезеңде небары барлығы 140 сауалнама ғана жолдаған.

Мәжілістің барлық фракция депутаттарының жолдаған жалпы сауалнамасының жиынтығы диаграммада көрсетілген.

Диаграмма-3


2023 жылдың 29 наурыз бен 2023 жылдың 29 желтоқсан аралығында жіберілген Мәжіліс депутаттарының сауалнамаларының фракциялар бойынша көрсеткіштері



Тәуелсіз бір мандаттың депутат-7 Сауалнама-51
 Аманаттың бір мандаттық депутаттары-22 Сауалнама-87
 Аманат-40. Сауалнама-142
 Ауыл-8-36
 Республика-6-27
 Ақжол-6-27
 ҚХП-5-50
 ЖСДП-4-29

Бір мандаттық округтер бойынша сайланған депутаттардың сауалнамалардың сандық көрсеткіштері 4 диаграммада көрсетілген.
 4-диаграмма

2023 жылдың 29 наурызы мен 2023 жылдың 29 желтоқсан аралығындағы сауалнамалардың депутаттар бойынша саны



Базарбек Бақытжан 8 бастама көтерген. 15 мәселеге қол қойған
Бапи Ермұрат 9-19
Қасқарауов Данияр-5-30
Құспан Абзал 12-27
Мұқаев Дәулет 7-47
Назаров Ардақ 4-8
Стамбеков Ерлан 4-9
Әбіл Еркін 2-17
Әлишев Қазбек 5-14
Амантай Жарқынбек 3-37
Балабиев Қайрат 5-21
Бексұлтанов 1-12
Жайымбетов 8-25
Жаңбыршын Еділ 3-16
Жұбанов Әділ 7-13
Исабеков Данабек 5-56
Искандиров Мұқаш 2-17
Халықов Арман 4-19-
Қожасбаев Руслан 1-9
Қырықбаев Темір 3-12
Мамбетов Еркебұлан 4-12
Мүсіралшева Айна 3-27
Нажмадинұлы 5-8
Нұрымова Гүлдара 5-23
Саблянов Нұртай 5-14
Сатыбалдин Ерболат 6-21
Сәдібеков Ұласбек 6-11
Тұрлыхан Дәулет 1-8
Тұмашанов Ұлықбек 3-6

Депутаттық сауалнамаларда сан алуан проблемалар қамтылған, оларды зерттеу мақсатында проблемаларды негізгі екі топқа бөлдік, дегенмен олар бір бірімен байланысты, бірін бірі толықтырады: бұл сауалнамалар депутаттың сайлау алдында берген уәделеріне байланысты жолданған және де қоғамдық маңызы бар проблемаларды қозғайды. Қоғамдық маңызы бар мәселелер ішінде реформалар жүргізу, адам құқы, бюджеттің жариялылығы, гендірлік теңдік, сөз бен БАҚ бостандығы, отбасылық зорлық-зомбылық және экология ерекше аталады.

Осы мониторингті жүргізген белсенділер депутаттарға қоғамдық маңызы зор мәселелерді бастама ретінде көтергендерін сұрады. Бұл сұрақтарға депутаттардан жалпылама бағытарда жауаптар келді. Депутаттардың көпшілігінің жауаптары жұмысшы комиететтерінде атқарған істерімен ғана шектелді. Бір мандаттық оқуруттардан сайланған тәуелсіз депутат Д.Мукаев (№2 Астана қаласы) және Мүсірәлев (№9 Астана облысы) «Менің жеке қабылдауыма жазылыңыз»,- деген жауап жіберді. Депутат

Н.Сабильянов «Оқуругта өтетін сайлаушылармен кездесуіме қатысып сол жерде сұрақ беріңіз», - деп жауап берді. Депутаттардың ішінде ең көп сауалнама жолдаған А.Құспан (№ 14 БҚО) болды. Аталған аралықта 12 сауалнама жіберген. Айтуға тиіспіз, оның жіберген сауалнамалардың барлығы сайлау алдында бағдарламаларына сәйкес келеді және қоғам үшін маңызы зор мәселелерді қозғаған, депутат өз сауалнамаларында елден заңсыз шығарылған активтерді қайтаруды, бюджеттік қаражатты әділеттікпен бөлуді, мұнай саласындағы сервистік және аймақтағы кен өндіруші компаниялардың қызметін тексеруді, көлік қатынасы қызметінің жақсартуды талап етеді, жәй халықтың несиеге белшесінен батқандығы т.б. Депутат сонымен бірге сот жүйесін реформалау, Қылмыстық Кодекстің кейбір баптарын түсінікті тілмен жеткізу және құқықтық қолдану саласындағы солқылдақ баптарды қолданудағы келеңсіздіктерді болдырмау, құрылыс компаниялардағы жемқорлық әрекеттерді көтерді. Осы сауалнамалар депутаттың сайлау алдындағы бағдарламаларында қамтылған. Атап айтқанда бүгінгі қолданыстағы заңнама баптарын одан әрі жетілдіруге, кейбір сот актілерімен заң баптарын қайта қарауға, әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға қоршаған ортаны сақтауға бағытталған. Депутаттың сауалнамалары өз бағдарламасына сәйкес келеді және қоғам үшін маңызы зор адам құқы, экология және бюджеттің жариялылығын көздеген.

Бастама көтеру +бастаманы қолдау схемасы бойынша ең көп сауалнама жіберген Аманат партиясының депутаты Д.Исабекова (Шымкент қаласы №6) 5 мәселе бойынша бастама жасаған және басқа депутаттардың көтерген мәселелерін 56 рет қолдаған, депутаттың сайлау алды бағдарламасы Аманат партиясының бағдарламасына негізделген, депутат ҚР заңнамаларын одан әрі жетілдіру арқылы азаматтардың тұрмыс-тіршілігін жақсарту және өмірінің қауіпсіздігін сақтау, проблемалардың нақты шешілуін іздеу, азаматтардың мұқтаж мүдделерін басты назарда ұстау, ҚР заңнамасына сәйкес тұрғын үй кезегінде және жер телімін алуға тұрған азаматтардың құқын қорғау, ұлтаралық келісімді және азаматтардың құқын қорғауға ат салысу, Шымкент қаласының инфроқұрылымын көркейту, жаңа өндіріс орындарын ашу, қоршаған ортаны қорғау, білім және дәрігерлік қызметтің жұмысын онан әрі жақсарту, жемқорлықпен күресу, сандық демократияны өмірге енгізу, бұл уәделердің барлығы Аманат партиясының негізгі тезистеріне сәйкес келеді. Осы мәселелердің бәріне депутат қол қойған және бастамашы болған. Қоғамдық маңызы зор мәселелердің ішінен депутат гендерлік теңдік мәселесінде ғылымға негізделген құқықтық сараптамаларды жүргізуге, сонымен бірге Көлсай көлі аймағындағы табиғатты қорғауға қол қойған. Сонымен бірге Шымкент қаласындағы су тазарту құрылыстарының мәселесін көтерген. Бір мандаттық оқуругтерден сайланған депутаттардың көпшілігі өз партиясының сайлау алды бағдарламасын негізге алғандығын ескере отырып, бұл талаптар мен сауалнамалар сол партия қойған талаптар мен сауалнамаларға сәйкес келеді. Бір мандаттық оқуругтерден сайланған тәуелсіз депутаттарды алар болсақ олардың мақсат мүдделері сан алуан. Мысалы бір мандаттық оқуругтен

сайланған А.Назаров Алматы облысына қарасты автокөлік жолдарын сапасын жақсарту жайлы бастама көтерген. Сөз жоқ бұл мәселе сол оқуруттың тұрғындары үшін өте маңызды, сөйте тұра депутат сайлау алды науқанда оған онша мән бермеген, оның бағдарламасында спорт туризм және мәдениет проблемалары, ол басқа да депутаттардың осы тақырыптағы мәселерінің бірнешеуіне қол қойған, қоғам үшін басқа да маңызы бар өзгеде тақырыптардың ішінен ол ЛГБД мәселесіне де қол қойып қолдау көрсеткен. Осы тақырыпқа қол қойғандардың ішінде тағы 10 депутат бар. Соның ішінде тәуелсіз депутат Б.Базарбек (№5 Алматы), Аманаттан бір мандаттық депутат А.Жарқынбек (№23 Павлодар), Д.Исабеков (№6 Шымкент), К.Бексұлтанов (№18 Қарағанды), Б.Сатыбалдин (№28 Ұлытау). Тәуелсіз депутат Б.Базарбектің сауалнамаларының негізгі бағыты жер қатынастарына су жүйелерін пайдалану мәселелері оның сайлау алды тезистеріне сәйкес келеді: Жер қатынасы мәселелеріндегі жемқорлықпен күрес. Сөз жоқ, бұл мәселелер қоғам үшін өзекті болып саналады. Қорыта айтқанда депутаттардың сауалнамалары олардың сайлау алды бағдарламаларының тақырыптарына сай келеді және қоғам үшін маңызы зор деуге болады. Осы аталған топтағы депутаттардың сауалнамалардың саны әр қилы, жалпы сандық көрсеткіштерге қарап бір жақты қорытынды жасау мүмкін емес. Бұл сандық көрсеткіштер яғни депутаттардың өз уәделерін орындауға келгенде өзіне талапшылдығын, жауаптылығын айқындамайды. Дегенмен депутаттар өз сауалнамалары арқылы проблемаларды күн тәртібіне қою қажеттігін түсінеді.

III. САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ

Депутаттың маңызды бөлігі олардың сайлаушылармен кездесуі. Осындай кездесулердің барысында депутат сайлаушыларының талап тілек ұсыныстарын жинайды. Сонымен бірге Мәжілісте атқарған жұмыстарына есеп береді және сайлау алдында берген уәделерімен сайлаушылар аманатының орындалу барысын баян етеді.


Мониторингті жүргізу барысында белсенділер Мәжілістеге депутаттар сайты зерттеп шықты, бұл сайтта депутаттардың өз сайлаушыларымен кездесулері жайлы айтылған. Өкінішке қарай сайттың бұл тарауын көп депутаттар уақытылы толтырып отырмайды, кейбір депутаттар каникулдық мезгілде сайлаушылармен кездескенін алға тартады, кейбір депутаттардың дерегінде ол да жоқ, ал, кейбір депутаттар бірінші сессия мезгіліндегі істері жайлы түк жазбаған. 2023 жылдың мәліметтері түгелімен жоқ. Депутат сайтынан дерек таппаған белсенділер олардың әлеуметтік желідегі жазбаларын қарап шықты, олардың әлеуметтік желідегі мәліметтері үзік-үзік сипатта жазылғандықтан олардан мағыналы ақпарат алу мүмкін болмады. Мысалы бір поста бірнеше кездесулер жайлы айтылған, кейде керсінше, бір кездесу жайлы бірнеше пост жазады, кездесулер жайлы ақпаратқа ауыз тұшымайды. Негізінен алғанда суреттермен бейнекөріністер орын алады, мұндай ақпараттан атқарылған істері жайлы мәлімет алу өте қиын.

Бір мандаттық округтан сайланған депутаттардың сайлаушылармен кездесулері туралы қол жеткізген ақпаратымыздан мынандай көріністерді сипаттауға болады. Олардың көпшілігі өз сайлаушылармен кездесу өткіздік деп мәлімет беріп отырған. Бірақ сол кездесулердің көбі депутат сайланған округте өтпеген.

Мысалы тәуелсіз депутат Б.Базарбек Алматы қаласында және Алматы, Қызылорда облыстарында сайлаушылармен бірнеше кездесу өткізген. Кездесу барысында жер қатынасы туралы мәселелер қозғалған. Бұл мәселе оның сайлау алды бағдарламасында қамтылған. Аманат партиясынан сайланған бір мандаттық депутат Е.Жаңбыршин Астанада қабылдаған. Депутат А.Назаров сайлаушыларды Астанадағы Мәжіліс ғимратында және өз округында қабылдаған, бір мандаттық депутат А.Құспан сайлаушыларды Астанада мәжілісте қабылдап үлкен белсенділік көрсеткен, ол сонымен бірге әлеуметтік желіде үлкен белсенділік танытып жүр, аманаттық бір мандаттық депутат К.Әлишев әлеуметтік желіде жиі көрінеді, тағы да басқа депутаттар белсенділік танытып қол үзбей байланысып келеді, сайлаушылардан хат хабар алып, ұсыныстарын жинап, ақыл-кеңестерін беріп жүр.

Бір мандаттық округтен сайланған депутаттар жайлы қол жеткізген мәліметтер 5-ші диаграммада көрсетілген:

5 диаграмма



Б.Базарбек өз окуругінде 1 окуругтен тыс -2
Е.Бапи-1-1
Д.Қасқарауов 9-3
А.Құспан 3-37
Д.Мукаев 0-4
А.Назаров 7-21
Е.Стамбеков 7-0
Е.Әбіл 24-1
Қ.Әлишев 1-1
А.Жарқынбек 4-3
Қ.Балабиев 24-0
Қ.Бексұлтанов 32-2
М.Жайымбетов 20-2
Е.Жаңбыршин 0-1
А.Жұбанов 0-2
Д.Исабеков 35-0
М.Исандиров 7-1
А.Калықов 15-11
Р.Қожасбаев 7-3
Т.Қырықбаев 6-0
Е.Мәғметов 9-4
А.Мүсіралиева 6-5
Б.Нәжмадинұлы 9-0
Г.Нұрымова 8-8
Н.Саблянова 28-0
Е.Сатыбалдин 1-1
Ұ.Сәдібеков 2-0
Л.Тумашинов 1-0
Д.Тұрлыханов 2-6

IV.ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

Біздің зерттеулеріміздің алдына қойған мақсаттарының бірі-жергілікті беленділерді қатыстыру бір мандаттық окуругтердің сайланған депутаттардың қызметін мониторинг жүргізуге қатыстыру, олардың сайлау алды бағдарламаларының орындалуын бақылау, депутатпен сайлаушы арасындағы диалогтарды жандандыру, жалпы айтқанда депутаттар біздің беленділермен кездесуге ынта танытты. Өз бағдарламалары жайлы ақпараттармен бөлісті, дегенмен ішінара басқа да жағдайлар кездесті, депутаттардың бір бөлігі белсенділердің сұрауларына бей жайлық және формальдық көз қарас танытты, немесе өздерінің жұмыс істемейтін сайттарына сілтеме жасады, болмаса барлық ақпаратты Парламент Мәжілісі сайтынан өздерің тауып алындар деген сыңай танытты. Өкінішке орай аталған Парламент Мәжілісінің сайты ақпаратқа мардымсыз екендігін осы мониторингтің нәтижесі көрсетті. Бұл сайтта депутаттың хат не сауалнама жіберу функциялық қызметі жұмыс істемейді. Алғашында бұл функция хат

және сауал жіберудің арнайы формасы бар екендігін хабарлап тұрса да. Біздің белсенділер депутаттарға хат және сауалнама жіберу үшін мына e-Otinish бұл аталмыш ресурстың e-Otinish нақты аты жөні бар депутатқа хат хабар жіберетін функциясы жоқ. Бідіңше бұл ресурс барлық келген хат хабарды Парламентің Кеңсесіне жіберіп тұрса керек, сосын келген хаттар депутаттарға қайта жолданады. Бұл жағдай сайлаушылар мен депутаттардың байланыс мерзімін ұзартады және қиындата түседі, тиімділігін төмендетеді, сайлаушы өз сауалын парламент сайты арқылы жібергеннен кейін ол жақтан сауалнаманы хатты, ұсынысты алдым деген уақыты көрсетілген тіркелген нөмірі бар жауапты алмайды, т,с,с.

Мәжіліс сайтында депутаттың сайлау алды бағдарламасын жариялайтын арнайы бөлімі жоқ, депутаттың қыметі жайлы мәліметтер жеке профилдерде және фракцияның жалпы профилдерінде жарияланады. Себебі, 29 депутаттың 22-сі Аманат партиясынан сайланғандар, олар жайлы ақпараттарды сайттың әртүрлі тарауларынан іздеп табуға мәжбүр болдық. Ол белсенділердің жұмысына айтарлықтай қиындық туғызды, сайлаушылармен кездесу жайлы ақпараттар 29 депутаттың 11 профайлдарынан таба алмадық, тек ағымдағы 2024 жылдың ғана деректері тұр. Сонымен бірге, екіншіке қарай, сайттағы депутаттың қызметі жайлы жинақталған материалдар - «Мәжіліс цифрлары деген Инфографика» (1 сессия және 2023 ж 1 қырықкүйек пен 29 желтоқсан аралығы 8 шақырылымның 2 сессиясы) бұл аралықтағы деректерде қателіктер бар. Сайт профиліндегі деректерге сай келмейді, депутаттық сауалнамалардың жалпы саны депутаттардың есебіне қарама қайшы.

Біз қарастырып отырған басты мәселе - бір мандаттық оқуругтен сайланған Мәжіліс депутаттары өздерінің сайлау алды бағдарламасын орындау жолында бар күш жігерін салып жатыр ма, жоқ па деген сұраққа «Иә» деп жауап беруге болады. Бір мандаттық оқуругтерден сайланған депутаттардың әр қайсысы өз бағдарламасын орындау жолында күш салып бастама көтерді немесе сол бағыттағы бастамаларды қолдап қол қойды. Бұл жұмысты бір депутат үлкен ауқымды деңгейде атқарса, екіншісі аз көлемде атқарды, жалпы қорытындысында, өздерінің сайлау алды бағдарламасын барлық депутаттар негізге алған. Осы қатарға бір мандаттық тәуелсіз депутаттармен қоса Аманат партиясының депутаттары де кіреді. Бұл сөзімізді депутаттардың өз сайлаушыларымен кездесулерін талдау жұмысымыз және олардың жеке қабылдау жұмыстарын таразылау қорытындымыз дәлелдеп отыр.

Жүргізілген аталмыз мониторинг сонымен бірге азаматтардың өз депутаттарымен қарым қатынастырының салыстырмалы түрде төмен екендігін көрсетеді. Сөз жоқ әрбір депутаттың өз командасы бар, әрбір аймақта өзінің қолдаушылары мен жақтаушылары бар. Олар әлеуметтік желіде депутаттың өз аудиториясын кеңейтуге ат салысады, еңбек ұжымдарымен және жастармен, мақсатты топтармен бұл аудиторияның саны көбеюі мүмкін. Әйтседе азаматтардың көпшілігі депутаттарды менің мүддемді қорғаушы адам деп санамайды, Депутаттан көмек іздеушілер - өз

проблемасын басқа деңгейде шеше алмаған адамдар. Біздің қоғамда соңғы кезде қалыптасқан депутаттардың қолынан ештеңе келмейді деген қағида бар. Олар үкіметтің және президент әкімшілігінің «Нотриалдық кеңсесі» деп саналады. Бір мандаттық округтен сайланған депутаттардың өз бағдарламаларының орындалуына мониторинг жүргізіп жатқан осы жоба олардың қызметтерінің жариялылығын және депутаттың сайлаушылар алдындағы есеп беру жауапкершілігін арттыруға көмектеседі деп тұжырым жасауға болады: азаматтардың депутаттармен ара қатынастарын жақындатады, азаматтардың депутаттар жайлы жақсы пікір қалыптастыруына себепші болады, азаматтар арасында Мәжіліс депутаттары жайлы жаман пікірлерді азайтады деп ойлаймыз.

ҰСЫНЫСТАР

Бір мандаттық округтер бойынша сайланған ҚР депутаттарына:

1. Өздерінің қызметтері жайлы үнемі жариялап тұру және мезгіл сайын жаңарту(өздері бастамашы болған және басқа бастамаларды қолдаған ұсыныстар, Мәжілістің жұмыс комитеттерімен жұмысшы топтарының қызметі, сайлаушылармен өткізілген кездесулердің есебі және азаматтарды қабылдау) өз профайлдерінде жари ялап тұру;

2. Мәжіліс сайттарындағы өз профилдерінде сайлау алды бағдарламаларын жариялау;

3. Депутат ретінде атқарған қызметі жайлы деректерді архивте сақтап, сұрау салған азаматтарға ол мәліметтерді беру;

4. Азаматтық қоғамның ұйымдары және белсенділермен бірге жұмыс атқарып, депутат қызметінің жариялылығы жайлы, депутаттың өз жұмысы жөніндегі мәселелері туралы тығыз байланыста болу;

5. Парламент Мәжілісінің сайтына іске қосу мәселесін көтеріп, осы мониторинг барысында көрсетілген кемшіліктерді жою.

Азаматтық қоғамның ұйымдарына, азаматтық белсенділерге БАҚ-ға және блогерлерге:

1. Барлық деңгейдегі өкілетті органдардың қызметін бақылауды жүргізетін мониторингілерге жаппай ат салысу, кездескен сондай-ақ табылған ақпараттармен тұжырымдарды жариялап отыру және тарату;

2. Депутаттың сайлау алды бағдарламаларын зерттеу, осы жұмыстарды азаматтардың мүддесін депутаттар арқылы қорғауға пайдалану;

3. Қоғамдағы қалыптасқан актуальды проблемаларды өкілетті органдардың өкілдері арқылы шешуге болатындығын өмірде қалыптастыру және оны дамыту;

4. Қоғамдағы маңызды ерекше проблемаларды өкілетті органдардың депутаттары арқылы шешіп отыру;